

## АДАМ САУДАСЫ ҚҰРБАНЫ БОЛМАУ ЖОЛДАРЫ

- ✓ Кездейсоқ немесе таныс адамдардың шетелдегі жұмыс, оқу немесе неке туралы қызықтыратын ұсыныстарынан аулақ болыңыз. Ешбір жағдайда өз құжаттарыңызды ешкімге сеніп тапсырмаңыз.
- ✓ Әдетте, жылдам, оңай және үлкен табыс туралы ұсыныстар шындыққа сәйкес келмейді. Шынайы ойлау керек.
- ✓ Сізді шетелге шақыратын фирмалардың және олармен сол жерде қызметтесетін делдалдардың (туристік, неке, жұмысқа орналастыру және оқуды ұйымдастыру бойынша) қызметінің заңды екеніне көңіл қойыңыз. Ғаламторда шақырушы фирманың мекенжайын тауып алыңыз.
- ✓ Күдікті, шала таныс жеке тұлғалардан ақшаны қарызға алушы болмаңыз. Қарызды беру мен қайтару шарттарын бірден уағдаласыңыз.
- ✓ Сапарға шықпас бұрын өзіңіздің жолға шығуыңыз, мекендеу жеріңіз және байланыс телефондарыңыз туралы туыстарыңызға, достарыңызға хабарлаңыз.
- ✓ Өзіңіздің төлқұжатыңыздың бірнеше ксерокөшірмесін жасап, әр түрлі жерлерге тығып қойыңыз. Олар туралы ешкімге айтудың керегі жоқ. Егер сізден төлқұжатты тартып алса, немесе сіз оны жоғалтып алсаңыз, осы көшірмелер сізге үйге оралуыңызға көмектеседі.
- ✓ Консулдық есепке тұрып, елшілікпен немесе консулдықпен тұрақты байланыс жасап тұрыңыз.

Егер сіз қиын жағдайға ұшырасаңыз немесе сізде проблемалар пайда болса, сіз көмек алу үшін **11616 жедел желі нөмірі** және/немесе **102 полиция нөмірі** бойынша; сіздердің елдеріңіздің Дипломатиялық өкілдіктеріне (Елшіліктер мен Консулдықтар); сіз болған өңірдегі қоғамдық ұйымдарға жүгіне аласыздар.

Егер сіз шетелде болған ҚР азаматы болсаңыз, Қазақстан Республикасының дипломатиялық өкілдіктері туралы ақпаратты ҚР СІМ-нің [www.mfa.gov.kz](http://www.mfa.gov.kz) сайтында таба аласыз. Сондай-ақ, күтпеген жағдай орын алған кезде **ҚР СІМ жедел желісі бойынша қоңырау шала аласыз** — Кезекші дипломат **+7 (7172) 72 01 11** (түнгі уақытта және демалыс күндерінде).

Қазақстаннан сапарға шықпас бұрын, **11616 жедел желі телефоны бойынша кеңес алыңыз.**



## ҚАЗАҚСТАН АЗАМАТТАРЫ МЕН МИГРАНТТАРҒА АРНАЛҒАН КАРТОЧКА



## ҚЫЛМЫСКЕРЛЕР ӨЗДЕРІНІҢ ҚҰРБАНДАРЫН ҚАЛАЙ ҚАНАЙДЫ ЖӘНЕ БАҚЫЛАП ТҰРАДЫ

*Қылмыскерлердің негізгі мақсаты — құрбандарды қанаудан үстеме табыс алу. Олар өздерінің «жұмсалымдарын» сақтап қалуға тырысады, атап айтқанда — құрбандардың қарсылық көрсетулеріне немесе қашып кетулеріне жол бермейді.*

**ЖЕКЕЛЕЙ НЕМЕСЕ ҮЙЛЕСТІКТЕ ПАЙДАЛАНЫЛАТЫН ӘР ТҮРЛІ ҚҰРБАНДАРДЫ БАҚЫЛАУ МЕХАНИЗМДЕРІ БАР:**

1



**Борыштық құлдыққа айналдыру.** Мысалы, құрбаннан оның орнын ауыстыруына, тамағына және мекендеуіне жұмсалған соманы қайтаруды талап етеді. Берешекті еңбекпен өтеу орнына, «қарыз» сомасы өседі, ал құрбан қаналудан құтыла алмайды. Сондай-ақ, құрбанды бақылап отыру үшін оның қайтарылмаған қарызының бар болуы пайдаланылуы мүмкін.

2



**Оқшаулау мен құжаттарды тартып алу.** Құрбандардан олардың жеке басын куәландыратын құжаттарды тартып ала отыра, қылмыскерлер оларға өз елдеріне немесе басқа жерге кетіп қалуға мүмкіндік бермейді. Қанаушылар өз құрбандарын өздерінің полициямен тығыз байланысы бар екендігіне және оған көмек алу үшін жүгінудің мәні жоқ екендігіне сендіреді.

4



**Жат елде заңсыз болу, ұят пен оқшаулау** — құрбандардың олардың қанаушыларынан тәуелді етіп, олардың құқық қорғау органдарына көмек алу үшін жүгінуден бас тарту үшін мәжбүрлеу мақсатында қолданылатын механизмдер.

**Зорлық-зомбылық пен қорқыныш.** Өз құрбандарын бағыныштылыққа ұстап тұру үшін құлсатарлар оларды зорлайды, соққыға жығады, азаптайды, олардың есірткітәуелділігін тудырады, басқа құрбандардан оқшаулайды, тамақ пен судан айырады, оларды туыстарының алдында масқараумен немесе полицияға заңсыз тұлғалар ретінде тапсырумен қорқытады.

3



**Құрбандарды туыстарына зиян келтірумен қорқыту.** Қылмыскерлер құрбандар отбасыларының мүшелері туралы ақпарат жинайды және құрбандар бағынбаса немесе қашып құтылуға талпынатын болса, оларға зиян келтіреміз деп қорқытады.

5

